

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ ECONOMIC THEORY ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ТЕОРИЯ



ҒХТАР 06.61.33

Т. Ш. Абдыров¹, Н. С. Досмағанбетов²

¹Қырғызстан халықаралық университеті, Бішкек, Қырғызстан

²Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: dosmnurlan@yandex.ru)

Өңірлік экономикаларды кластерлендіру жүйесінің әлеуетін бағалау

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан өңірлерінің экономикасын дамытуда кластерлеу жүйесінің әлеуетін анықтау және бағалау мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты болып өңірлік экономикалардың дамуын қамтамасыз ету үшін кластерлеу жүйесін енгізудің экономикалық тиімділік көрсеткіштерін бағалау және оны пайдалану тиімділігін негіздеу болып табылады.

Зерттеу барысы жүйелік, экономикалық-статистикалық және есептік-конструктивтік әдістерге, сондай-ақ зерттеудің, қорытудың және талдаудың теориялық әдістеріне сүйенеді. Зерттеудің негізі болып Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, экономиканы кластерлеу мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері табылады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан өңірлерінің экономикасын кластерлеу жүйесін енгізудің маңыздылығы туралы тұжырымдамаларды дәлелдеуге мүмкіндік беретін экономикалық тиімділік көрсеткіштерін бағалаудан көрінеді.

Авторлар зерттеу нәтижелері өңірлік отандық экономикаларды кластерлендіру мәселелерін қарастыру кезінде ғылыми қызметте пайдаланылуы мүмкін деп санайды.

Түйін сөздер: кластерлер, өңірлік экономикаларды кластерлендіру, бәсекеге қабілеттілік, кластерлендіру әлеуеті, жалпы өңірлік өнім, өңдеу өнеркәсібі, оқшаулау коэффициенті.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-1-8-15>

Қазіргі уақытта ел экономикасының дамуын қамтамасыз етуде бәсекеге қабілеттілікті көтеретін артықшылықтарды қалыптастыру мен бағалау маңызды рөл атқарады. Жекелеген елдер мен өңірлердің табысты шаруашылық қызметінің тиімділігін айқындайтын жаңа өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық саясатты іске асыру тетіктерінің бірі ретінде экономикалық тиімді кластерлер мен кластерлендіру жүйелерін құру көзделеді. Кластерлер кез келген елдің өңірлік экономикаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде жұмыс істейді, қосылған құны жоғары өндірістік үдеріс үшін жағдай жасайды, кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу, білім беру, қаржы ұйымдары мен мекемелер мен билік органдары арасында өзара тиімді қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бүгінгі күні start-up жобаларды, бизнес-инкубаторларды, ғылыми-техникалық, инновациялық орталықтар мен технопарктерді құруға деген қызығушылықтың артуы өңірлерді кластерлендіруге негізделген экономикалық саясаттың жаңа бөлігі болып табылады, өйткені мұндай ұйымдардың пайда болуы кәсіпорындардың өндірістік ресурстарға қол жеткізуі үшін қажетті өндірістік-технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз етуде көрініс табады.

Кластерлендіру жүйесінің жаңашылдығы мен артықшылықтары микроэкономикалық құрамдас бөлікке айнала отырып, өңірлік экономикаларды дамытудың аумақтық және әлеу-

меттік аспектілеріне ерекше мән беретіндігімен түсіндіріледі. Бұдан басқа, бұл жүйе өңірлік өндірістердің бәсекеге қабілеттілігін көтеруден, жұмыспен қамтуды арттырудан және бюджет кірістерінің өсуінен көрінетін өңірлік экономикаларды дамытуды ынталандыру үшін неғұрлым тиімді құралдарды ұсынады.

Алайда, бұл бағыт Қазақстан аумағының экономикалық тәжірибесінде аз зерттелген болып табылады, мысалы, кластер құраушы нысандарды жұмылдыруға мүмкіндік беретін ақпараттардың жеткіліксіздігі; олардың тиімді жұмыс істеуін дәлелдейтін өлшеуіштердің келісілген жүйесінің болмауы; өңірлерде өнеркәсіптік өндірістің кластерлік бағыттарының ұйымдық-құқықтық нысандарының жұмыс істеу табыстылығына әсер ететін қандай да бір ішкі және сыртқы факторлардың әсері туралы тұжырымдамалардың дәлелдемелерін талап ету. Мультипликативтік және синергетикалық әсер негізінде құрылған кластерлердің тиімді жұмыс істеуі ел экономикасының және оның өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізін құрайды.

Осыған байланысты кластерлендіру жүйесін қолдану негізінде өңірлерде өнеркәсіптік өндірістің экономикалық әлеуетін айқындау тетіктерін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Кластерлік жүйеге негізделген өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикасын қалыптастыру мәселелерінің күрделілігі мен жеткіліксіз түрде зерттелуі, сондай-ақ, оның басым дамуының теориясы мен тәжірибесін одан әрі тереңдету қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.


Кластерлер теориясының дамуына елеулі үлесті американдық экономист және ғалым Майкл Портер қосты. Оның еңбектерінде жекелеген салалар, өңірлер мен кәсіпорындар деңгейінде инновациялық дамуды басқарудың ұйымдық-экономикалық тетіктерін жетілдіру мәселелері қарастырылады, кластерлік тетіктер мен бастамалар ғылыми негізделген, инновациялық үдерістерді басқарумен және инновациялық жүйелерді құрумен байланысты басым ғылыми бағыттар анықталады [1].

ТМД елдерінде бәсекеге қабілеттілік және кластерлік тәсіл мәселелері бойынша А. П. Градов, Р. А. Фатхутдинов, А. П. Агарков, В. Тарасенко, Е. А. Стрябкова, О. А. Баулина, Л. А. Карякина, Ф. В. Шутилов, М. В. Винокурова сияқты ғалым-экономистердің еңбектерін атап өтуге болады [2-9]. Қазақстан Республикасында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеру және кластерлік тәсілді дамыту мәселелері бірқатар авторлар – А. Ә. Әлімбаев, Т. П. Притворова, А. А. Таубаев, О. Сабден, К. А. Сағадиев, С. С. Еспаев, А. А. Киреева және басқаларының жұмыстарда зерттелген [11-13]. Әдетте, авторлардың көпшілігі өңірлік экономикаларды кластерлеу жүйесін енгізу тиімділігін бағалауды зерттеу әдістері мен құралдары тұтастай алғанда экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді деген пікірде. Алайда, кластерлендіруді енгізуден экономикалық әсерді көрсететін зерттеулер ғылыми-зерттеу әдебиеттерінде толық зерттелмеген, сондықтан қосымша зерделеу мен жетілдіруді талап етеді.

Отандық өңірлер экономикаларын кластерлендіруді бағалау үшін зерттеудің негізгі әдістері ретінде жүйелік, экономикалық-статистикалық, есептік-конструктивтік әдістер қолданылды. Өңір экономикасын кластерлеу әлеуетін бағалау әдістемесі ретінде өңір аумағында өндірісті оқшаулау коэффициентінің есептеулері пайдаланылды.

Өңір аумағында өндірісті оқшаулау коэффициенті өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлеміндегі өңірдің жеке өнеркәсіп саласында құрылған өндірістің үлес салмағының және елдің өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлеміндегі елдің жеке өнеркәсіп саласында құрылған өндірістің үлес салмағының қатынасы ретінде есептеледі.

Егер оқшаулау коэффициентінің есептік көрсеткіштері бір бірліктен көп болса, онда қарастырылатын салалар нарықтық мамандану саласы ретінде әрекет етеді. Кластерлерді қалыптастыру және олардың ішінен неғұрлым басымдықты салаларды таңдау кезінде оқшаулау коэффициентінің динамикасын бағалау қажет, өйткені бұл коэффициенттің динамикалық көрсеткіштері мәнінің артуы кластерлердің ықтимал өсуінің алдағы басымдықтарын көрсетеді [13].



Сурет 1 - Қарағанды облысының 2016-2018 жылдардағы жалпы өңірлік өнімінің құрылымы *Ескерту.* [14] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылды.

Қазақстанның өңірлік экономикаларын кластерлендірудің экономикалық тиімділігі мен әлеуетін бағалау үшін зерттеу нысаны ретінде Қарағанды облысының «өңдеу өнеркәсібі» экономикалық қызмет түрін пайдаланамыз, өйткені бұл жалпы өңірлік өнімге (ЖӨӨ) қосатын жиынтық үлесі бойынша көшбасшы өңірлердің бірі болып саналады (суретті қараңыз) [14].

1-ші суреттегі деректерді талдайтын болсақ, Қарағанды облысының экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖӨӨ көрсеткішінің құрылымында өңдеуші өнеркәсіп саласы 2018 жылы 45,5%-ды құрады және 2016 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға өскен. Одан кейінгі орындарды көтерме және бөлшек сауда, көлік пен қоймалау, жылжымайтын мүлік операциялары, құрылыс салалары алады. Алайда, 2018 жылы 2016 жылға қарағанда, мемлекеттік басқару және қорғаныс – 0,8%-ға, қызметтің басқа да түрлері бойынша салалар – 2,1%-ға, көлік және қоймалау – 0,4%-ға, энергиямен және сумен жабдықтау – 0,5%-ға, білім беру саласы – 0,2%-ға, құрылыс – 0,7%-ға төмендегенін байқауға болады.

Кесте 1

Қарағанды облысының 2016-2018 жылдарға арналған өңдеуші өнеркәсіп құрылымындағы өзгерістер

	2016	2017	2018	2018 жылы 2016 жылға қарағанда, (+/-)
Өңдеуші өнеркәсіп				
Металлургия өнеркәсібі	73,0	76,0	77,0	+4,0
Тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі	8,5	7,0	6,0	-2,5
Жеңіл өнеркәсіп	0,3	0,3	0,3	0
Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдарды жасау	0,2	0,2	0,1	-0,1

Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру; жазылған материалдарды басып шығару және шығару	0,3	0,24	0,3	0
Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру; кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	5,2	5,1	4,6	-0,6
Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру	0,1	0,1	0,2	+0,1
Өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру	2,0	2,0	2,7	+0,7
Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын жасау	2,3	1,8	1,6	-0,7
Машина жасау	7,9	7,1	7,0	-0,9
Жиһаз жасау	0,1	0,1	0,1	0
Өзге де дайын бұйымдарды жасау	0,1	0,06	0,1	0

Ескерту. [15-17] дерек көздері негізінде авторлармен құрастырылды.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, өңірдің өңдеуші өнеркәсібі құрылымында ең үлкен үлес металлургия өнеркәсібіне тиесілі. 2018 жылы металлургия өнеркәсібінің өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесі 77,0%-ды құрады. Машина жасау өнеркәсібінің үлесіне 7,0% келсе, ал тамақ өнімдерін, сусындарды өндіру және химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру; кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру үлесі тиісінше 6,0% және 4,6%-ды құрайды. Өңдеуші өнеркәсіптік өндірістердің қалған барлық түрлері 5,4%-ды құрайды. Қарағанды облысының өңдеуші өнеркәсіп өндірістеріндегі құрылымдық өзгерістер олардың өндірісінде бірінші кезекте металлургия өнеркәсібі; машина жасау; тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі; химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; резеңке және пластмасса бұйымдарын жасау; кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру сияқты экономикалық қызмет түрлері үлестерінің ұлғайып отырғандығын дәлелдейді.

Кесте 2

Қарағанды облысының 2016-2018 жылдардағы «өңдеу өнеркәсібі» экономикалық қызмет түрлері бойынша оқшаулау коэффициенттері

Өңдеуші өнеркәсіп	2016	2017	2018
Металлургия өнеркәсібі	1,7	1,7	1,7
Тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі	0,4	0,3	0,3
Жеңіл өнеркәсіп	0,3	0,3	0,3
Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдарды жасау	0,8	0,7	0,5
Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру; жазылған материалдарды басып шығару және шығару	0,3	0,3	0,3
Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру; кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	0,4	0,4	0,3
Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру	0,1	0,1	0,2
Өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру	0,4	0,4	0,4
Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын жасау	0,8	0,7	0,7

Машина жасау	0,8	0,7	0,7
Жиһаз жасау	0,4	0,3	0,2
Өзге де дайын бұйымдарды жасау	0,4	0,4	0,4

Ескерту. [15-17] дерек көздері негізінде авторлармен құрастырылды.

2-кестеде көрсетілгендей, 2016-2018 жылдары осы өңірдің өндірісін оқшаулау коэффициенті металлургия өнеркәсібі бойынша ғана бір бірліктен көп мәнге ие, яғни 1,7 бірлікті құрайды. Динамикалық тұрғыдан, оқшаулау коэффициентінің мәні металлургия өнеркәсібі өндірісі бойынша өзгермегендігін байқаған жөн. Ал өңдеуші өнеркәсіп салаларының басқа барлық түрлері бойынша оқшаулау коэффициентінің мәндері бір бірліктен төмен.

Қорытынды. Қарағанды облысының өңдеуші өнеркәсібінде кластерлерді қалыптастыру мен дамытудың ең жоғары әлеуетіне металлургия өнеркәсібі өндірісі ие – осы өндірістегі барлық коэффициенттер бір бірліктен көп. Демек, бұл өндірісте өңірлік деңгейде кластерлендіруді іске асыру орынды.

Осылайша, біздің ойымызша, Қазақстанда өңірлік экономикаларды кластерлендіру әлеуетін бағалаудың осындай әдістемесін қолдану нәтижесінде мыналарға қол жеткізілетін болады:

- кластер құраушы өңірдің немесе саланың экономикасын жаңғырту және технологиялық дамыту тетіктері әзірленеді;
- кластер құраушы сектордың, саланың, кешенді жобаның бәсекеге қабілеттілігі артады;
- кластер құраушы ғылыми білім беру кешенінің бірігу тетіктері мен кластерге қатысушылардың өзара байланысы қалыптасады;
- кластерлендіру бойынша өзара тиімді ынтымақтастық орнайды және сенімсіздік деңгейі төмендейді;
- кластерлендіру нәтижесінде өңірдің инфрақұрылымы дамиды;
- бюджет кірістері ұлғаюды;
- халықтар табысының өсуіне және жұмыспен қамтудың артуына қол жеткізіледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Майкл Портер. Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей и конкурентов / Пер. с англ. - 4-е изд. - М.: Альпина Паблишер, 2011. - 453 с.
- 2 Градов А. П. Национальная экономика. 2-е изд.-СПб.: Питер, 2005. - 240 с.
- 3 Агарков А. П. Проектирование и формирование инновационных промышленных кластеров: монография. М.: Дашков и К, 2019. - 288 с.
- 4 Тарасенко В. Территориальные кластеры: Семь инструментов управления. М.: Альпина Паблишер, 2019. - 208 с.
- 5 Стрябкова Е. А. Повышение конкурентоспособности региона на основе кластерной политики. Теория и методология: монография. Белгород: Белгородский государственный технологический университет им. В.Г. Шухова, ЭБС АСВ, 2017. - 224 с.
- 6 Баулина О. А. Концептуальные основы кластерного развития региона. Волгоград: Волгоградский государственный архитектурно-строительный университет, 2015. - 162 с.
- 7 Карякина, Л. А. Формирование и развитие кластерных образований в экономике: монография. М.: Дашков и К, 2015. - 150 с.
- 8 Шутилов Ф. В. Территориальное развитие экономических систем на основе кластерного подхода: монография. Краснодар: Южный институт менеджмента, 2012. - 128 с.
- 9 Винокурова М. В. Кластерный подход к повышению конкурентоспособности региона. – Иркутск. 2007. – 187 с.
- 10 Алимбаев А. А., Притворова А. А., Таубаев А. А. Формирование и развитие кластеров в условиях индустриально-инновационного развития Республики Казахстан: монография / под

ред. Е.Б. Аймагамбетова. – Караганда: ТОО «Санат-Полиграфия», 2005. - 215 с.

11 Конкурентоспособность национальной экономики: критерии оценки и пути повышения: Монография - Издание второе - / Под науч. ред. д.э.н., проф., академика НИА РК О. Сабдена. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2011. - 200 с.

12 Сагадиев К. А. Кластеры как основные двигатели развития региональной экономики. Сборник. Национальные экономические интересы и отношения собственности в условиях глобализации. Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. – 336 с.

13 Еспаев С. С., Киреева А. А. Концепция формирования и развития перспективных национальных кластеров. – Алматы. 2013. – 234 с.

14 Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан / Официальная статистическая информация (по отраслям)/Национальные счета - Интегрированные счета [Электрон. ресурс]. – 2018. - URL: <http://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/6> (дата обращения: 10.09.2019).

15 Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан/ Официальная статистическая информация (по отраслям)/Объем промышленного производства по видам экономической деятельности в разрезе регионов Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2016. - URL: <http://stat.gov.kz/official/industry/15/statistic/5> (дата обращения: 10.09.2019).

16 Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан/ Официальная статистическая информация (по отраслям)/Объем промышленного производства по видам экономической деятельности в разрезе регионов Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2017. - URL: <http://stat.gov.kz/official/industry/15/statistic/5> (дата обращения: 10.09.2019).

17 Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан/ Официальная статистическая информация (по отраслям)/Объем промышленного производства по видам экономической деятельности в разрезе регионов Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2018. - URL: <http://stat.gov.kz/official/industry/15/statistic/5> (дата обращения: 10.09.2019).

Т. Ш. Абдыров¹, Н. С. Досмағанбетов²

¹*Международный университет Кыргызстана, Бишкек, Кыргызстан*

²*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Оценка потенциала системы кластеризации региональных экономик

Аннотация. В статье рассматривается вопрос определения и оценки потенциала кластерной системы в развитии экономики регионов Казахстана. Целью исследования является оценка показателей экономической эффективности внедрения системы кластеризации для обеспечения развития региональных экономик и обоснование эффективности его использования.

Процесс исследования опирается на системные, экономико-статистические и расчетно-конструктивные методы, а также теоретические методы исследования, обобщения и анализа. Основой исследования являются данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, научные труды отечественных и зарубежных ученых по вопросам кластеризации экономики.

Результаты исследования выражаются в оценке показателей экономической эффективности, позволяющих доказать концепции о важности внедрения системы кластеризации экономики регионов Казахстана.

Авторы считают, что результаты исследования могут быть использованы в научной деятельности при рассмотрении вопросов кластеризации региональных отечественных экономик.

Ключевые слова: кластеры, кластеризация региональных экономик, конкурентоспособность, потенциал кластеризации, валовой региональный продукт, обрабатывающая промышленность, коэффициент локализации.

T. Sh. Abdyrov¹, N. S. Dosmaganbetov²

¹*International University of Kyrgyzstan, Bishkek, Kyrgyzstan*

²*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Assessment of the potential of the clustering system of regional economies

Abstract. The article deals with the issue of determining and assessing the potential of the cluster system in the development of the economy of the regions of Kazakhstan. The aim of the study is to assess the economic efficiency of the implementation of the clustering system to ensure the development of regional economies and the rationale for the effectiveness of its use.

The research process is based on the system, economic-statistical and calculation-constructive methods, as well as theoretical methods of research, generalization and analysis. The basis of the study is the data of the Committee on statistics of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan, scientific works of domestic and foreign scientists on the clustering of the economy.

The results of the study are expressed in the assessment of economic efficiency indicators, which allow to prove the concept of the importance of the system of clustering of the economy of the regions of Kazakhstan.

The authors believe that the results of the study can be used in research activities when considering the clustering of regional native economies.

Keywords: clusters, clustering of regional economies, competitiveness, clustering potential, gross regional product, manufacturing industry, localization coefficient.

References

- 1 Majkl Porter. Konkurentnaja strategija: Metodika analiza otraslej i konkurentov [Competitive strategy: Techniques for analyzing industries and competitors] (Alpina Publisher, Moscow, 2011, 453 p.) [in Russian].
- 2 Gradov A. P. Nacional'naja jekonomika [National economy] (Piter, SPb, 2005, 240 p) [in Russian].
- 3 Agarkov A.P. Proektirovanie i formirovanie innovacionnyh promyshlennyh klasterov [Design and formation of innovative industrial clusters] (Dashkov and K, Moscow, 2019, 288 p) [in Russian].
- 4 Tarasenko V. Territorial'nye klastery: Sem' instrumentov upravlenija [Territorial clusters: Seven management tools] (Alpina Publisher, Moscow, 2019, 208 p) [in Russian].
- 5 Strjabkova E. A. Povyshenie konkurentosposobnosti regiona na osnove klasternoj politiki. Teorija i metodologija [Improving the competitiveness of the region on the basis of cluster policy. Theory and methodology] (ABS ASV, Belgorod, 2017, 224 p) [in Russian].
- 6 Baulina O. A. Konceptual'nye osnovy klasterного razvitija regiona [Conceptual bases of cluster development of the region] (Volgograd state University of architecture and civil engineering, Volgograd, 2015, 162 p) [in Russian].
- 7 Karjakina L. A. Formirovanie i razvitie klasternyh obrazovanij v jekonomike [Formation and development of cluster formations in the economy] (Dashkov and K, Moscow, 2015, 150 p) [in Russian].
- 8 Shutilov F. V. Territorial'noe razvitie jekonomicheskikh sistem na osnove klasterного podhoda [Territorial development of economic systems on the basis of cluster approach] (Southern Institute of management, Krasnodar, 2012, 128 p) [in Russian].
- 9 Vinokurova M. V. Klasterный podhod k povysheniju konkurentosposobnosti regiona [Cluster approach to improving the competitiveness of the region] (Irkutsk, 2007, 187 p) [in Russian].
- 10 Alimbaev A. A., Pritvorova A. A., Taubaev A. A. Formirovanie i razvitie klasterov v uslovijah industrial'no-innovacionного razvitija Respubliki Kazahstan [Formation and development of clusters in the conditions of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan] (LTD «Sanat-printing», Karaganda, 2005, 215 p) [in Russian].

- 11 Konkurentosposobnost' nacional'noj jekonomiki: kriterii ocenki i puti povysheniya [Competitiveness of the national economy: evaluation criteria and ways to improve] (Institute of Economics MES RK, Almaty, 2011, 200 p) [in Russian].
- 12 Sagadiev K. A. Klasteriy kak osnovnye dvigateli razvitija regional'noj jekonomiki. Sbornik. Nacional'nye jekonomicheskie interesy i otnosheniya sobstvennosti v uslovijah globalizacii [Clusters as the main engines of regional economy development. Collector. National economic interests and property relations in the context of globalization] (IE MES, Almaty, 2005, 336 p) [in Russian].
- 13 Espaev S. S., Kireeva A. A. Konceptsiya formirovaniya n razvitija perspektivnyh nacional'nyh klasterov [Concept for formation and development of prospective national clusters] (Almaty, 2013, 234 p) [in Russian].
- 14 Committee on statistics of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan / Official statistical information (by industry) / National accounts [Electronic resource]. Available at: <http://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/6> (Accessed: 10.09.2019).
- 15 Committee on statistics of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan / Official statistical information (by industry)/Industrial production by type of economic activity by region of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. Available at: <http://stat.gov.kz/official/industry/15/statistic/6> (Accessed: 10.09.2019).
- 16 Committee on statistics of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan / Official statistical information (by industry)/Industrial production by type of economic activity by region of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. Available at: <http://stat.gov.kz/official/industry/15/statistic/6> (Accessed: 10.09.2019).
- 17 Committee on statistics of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan / Official statistical information (by industry)/Industrial production by type of economic activity by region of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. Available at: <http://stat.gov.kz/official/industry/15/statistic/6> (Accessed: 10.09.2019).

Авторлар туралы мәлімет:

Абдыров Т. Ш. – э.ғ.д., Қырғызстан халықаралық университеті «Экономика және басқару» кафедрасының профессоры, Бішкек, Қырғызстан.

Досмағанбетов Н. С. – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Abdyrov T. Sh. - Doctor of Economic Sciences, Professor of the Department «Economics and management» of International University of Kyrgyzstan, Bishkek, Kyrgyzstan.

Dosmaganbetov N. S. - Senior Lecturer of the Department of Economics and entrepreneurship of L. N. Gumilyov Eurasian national University, Nur-Sultan, Kazakhstan.